**Бекітемін** **Мырзағалиева.С.Т**

**Мектеп директорының оқу- ісі жөніндегі орынбасары**

**Білім беру ұйымы:** Ғ.Мәсәлімов орта мектебі

**Топ:** Мектепалды сынып

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 9.01—13.01.2023ж

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы II апта**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 9.01.2023 | Сейсенбі 10.01.2023 | Сәрсенбі 11.01.2023 | Бейсенбі 12.01.2023 | Жұма 13.01.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Қайырлы күн!<br>Жаңа жылым құтты болсын!<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу. Демалыс күндері қалай өткізгендері туралы әңгімелесу.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Қайырлы таң, балалар!<br>Сәлем бердім, саған елім!<br>Тал бесігім туған жерім<br>Сәлем бердім бәріңізге!<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Сәлем, балақай!<br>Арайлап өткен таңымыз,<br>Қайырлы болсын күніміз.<br>Шуақты күннің сәулесі,<br>Жайнасын бүгін жарқырап,<br>Амансың ба, нұрлы күн!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Сәлеметсіздер ме?!<br>Амансың ба, нұрлы күн<br>Арайлап атқан таңымыз.<br>Қайырлы болсын күніміз,<br>Шуақты күннің сәулесі<br>Жайнасын бүгін жарқырап.<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың көңіл-күйлері, демалыста қызықты өткізген сәттері туралы әңгімелесу.<br>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райына байланысты киіндіру жөнінде әңгімелесу.<br>Жаңа жылдық мерекелік шараның өтуі, баласының шараға белсенділік танытуы жөнінде әңгімелесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үлестірмелі материалдармен жұмыс Моншақтарды, ілгектерді өз орындарын тауып жапсыру. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | Монтессори құралдары Түрлі ойыншықтармен ойын. **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | **«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны** **Мақсаты:** Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.<br>1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.<br>2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?).<br>3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Үлестірмелі материалдармен жұмыс «Шашка», «домино» **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»** **Мақсаты:**Қоршаған ортадағы нысандар мен құбылыстарға танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.Маусымдық өзгерістерді байқауға үйрету. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырата білеге үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Бала үстел үстіндегіжыл мезгілдерінің үлкен суретіне әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып қыстырғышпен орналыстырады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қаңтар айы** ( 2 – комплекс )( I – II апта )<br>1. Жұптасып тізбекте жүру, жүгіру.<br>2. Звеноға бөлініп тұру.<br>3. Б.Қ. Аяқ ұшын ашып, өкшені қосып тұру. Қолды жанынан жоғары оң қолға кішкентай допты ұстап тұру. Қолды жанынан жоғары көтеру, оң қолдан сол қолға допты алмастыру. Қолды жанынан төмен түсіру. 6-8 рет қайталау<br>4.Б.қ. аяқ арасын алшақ ашып тұру, доп оң қолда. Оң аяқты тізеден бүгіп көтеру, аяқ астынан допты оң қолдан сол қолға алмастыру. Б.қ. келу, сол жақта орындау. 6 рет қайталау.<br>5.Б.Қ. аяқты алшақ ашып тұру, доп оң қолда, қолды алға созып отыру, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір қолдан екінші қолға алмастыру. 5-6 рет қайталау.<br>6. Б.Қ. тізерлеп өкшеге отыру, доп оң қолда. Допты жермен өзінен ары қарай домалату. Б.қ. 6-8 рет қайталау.<br>7.Б.Қ. аяқты қосып созып жіберіп отыру. Доп аяқ арасында қысылып ұсталған, қолды артқа тіреп ұстау, түзу аяқта допты түсіріп алмай жоғары көтеру,б.қ. келу, 6-8 рет қайталау.<br>8.Аяқты қосып, допты қос қолмен төмен ұстап тұру, жоғары лақтырып қағып алу.6-8 рет қайталау.<br>9.Б.Қ. доп оң қолда. Аяқты қосып тұру. Оң және сол аяқпен секіру оңға солға тәрбиешінің санауымен бұрылып секіру.<br>10.Жүру. Майда қадамдап жүру. Бір айдың 1-2 аптасында демалыс берілетіндігін гимнастика комплексінің біреуі ғана жоспарланады.<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) (физикалық дамыту) (шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Спорт** сенің серігің-<br>Жанға дауа, қолға күш.<br>Сергітетін адамды-<br>Қимыл менен қозғалыс.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **«Сөздерді ата» ойыны** (суреттермен),**«Жаңғырық» ойыны.**<br>Берілген дыбысы бар сөздерді атауға, сөздегі бірінші дыбысты ерекшелеп, атауға үйренеміз<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Спорт, спорт, спорт,**<br>Денсаулыққа пайдалы.<br>Секірген әрі жүгірткен<br>Жаттықтырған адамды.<br>Хоккейменен волейбол<br>Допты теуіп қақпаға,<br>Ойнаймыз біз футбол.<br>Шаңғы, коньки, шанамен<br>Биік таудан асамыз,<br>Бокс пенен күресте<br>Алтын, күміс алғанбыз.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **«Шар» ойыны**<br>Балалар бір – бірінің қолдарынан ұстап, - «Шар үрлен, үлкен болып үрлен, жарылма!»-деп хормен айтады да, қолдарын жібермеген бойда тар шеңберді мейлінше кеңейтіп ашады. «Шар жарылды!» деген сөзді айтқанда, балалар қолдарын жіберіп, жүрелеп отыра кетеді. Тәрбиеші шеңбер бойымен жүріп, шардың жарылған жерін «жамайды», содан кейін балалар орындарынан ақырындап тұрып ойынды ары қарай жалғастырады.<br>(Балаларға жылы, мақтау сөздерді айтып отыруды | Спорт – көркі өмірдің,<br>Спорт- досың, серігің.<br>Жаттықсаң шымыр боларсың,<br>Шынығып, өсіп, толарсың<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұмытпаңыз) **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»**<br>**Мақсаты:**Сөйлемді ауызша талдауға баулу. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:** Балалар тақтаға ілінген сурет және сөйлем үлгісі бойынша ауызша сөйлем құрап айтады. Мысалы: Тақтада екі төртбұрыш яғни Менің добым. Екі сөзден құралған аз сөйлем. Мен бақшаға көлікпен барамын. Төрт сөзден құралған көп сөйлем. Ойын осылай жалғапсады.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Мақсаты:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту,** | **Дидактикалық ойын: «Сөздегі дыбыстың орнын анықта»**<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:**Сөздегі дыбыстың орнын, ретін, санын анықтау. Мысалы, «қас» сөзінде 1-2-3-дыбысты ата, барлығы неше дыбыс, дауысты дыбысты ата.<br><br>**«Біз еңбекқор баламыз»**<br>**Мақсаты:**Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды** | **Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта»**<br>**Мақсаты:**жай сөйлемдерді сөздерге бөлуді жетілдіру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Шарты:** Бастаушы бір сөз айтады,балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.<br>Мысалы: Далада ............(қар жауып тұр)<br>Балалар.........(шанамен ойнап жүр)<br>Адамдар ...........(жылы киінген)......<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Көңілді тіл»**<br>**Мақсаты:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту<br>**коммуникативтік дағдыларды дамыту,** | **Дидактикалық ойын: «Сөздер дауыстап және ақырын айтылады»**<br>**Мақсаты:** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:** Балалар жаңылтпашты жаттайды (жаттықтырған дыбысына байланысты). Мысалы с-з дыбысына дифференциация жасағанда:<br>Сыздық судан сүлік сүзді<br>Сыздықтың сүлік салмасын үзді.<br>Жаңылтпашты ең алды сыбырлап, сосын ақырын дауыспен, сосын қатты дауыспен айтуын ұсынады. Тағы да дауысты жаттықтыру үшін тақпақтарды, бұынұйқастарды, санамақтарды пайдалануға болады. | **Дидактикалық ойын: Шыңжырға ертегілерді жинайық**<br>**Мақсаты:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:** Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады.<br>**Мысалы:**Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:**ертегіге байланыстырып сұрақтар қойылады.<br>Бұл қандай кітаптар?»<br>Ол кітаптан нені оқып білеміз?<br>Мына кітапта қандай ертегінің суретін көріп тұрсыңдар?<br>Кім қандай ертегілерді біледі?<br>Көп ертегілерді атаған бала марапатталады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Біреу және көп»**<br>**Мақсаты:** жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. | **қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Кезекшілік міндетін өздігінен және жауапкершілікпен орындауға баулу: бөлме өсімдіктеріне су құю, топырағын қопсыту, құстарға жем салатын ыдыстарды жуу,аквариумдағы балықтардың суын жаңарту, жем беру, үстелді жинау, сүрту, ойыншықтарды реттеп жинау, ас мәзіріне үстелді әзірлеу.<br><br>**Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.** Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс | **қазақ тілі)**<br>**Ойын шарты:**а) Біздің ауызымызда Көңілді Тіл өмір сүреді. Оның үйшігі - ауыз. Көңілді, тентек Тіл бір орында отыра алмайды. Сондықтан ол үйшігінен шығып жан-жағына қарайды. Оң жағына қарайды, сол жағына қарайды.<br>ә) Көңілді Тіл күнде ертемен далаға шығып, жан-жағына амандасады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ретімен қой»**<br>**Мақсаты:**Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**<br>Бастаушы ойыншықтарды ретімен қойып , балаларға сұрақ қою. | **Дидактикалық ойын: «Кім не біледі?»**<br>**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Ойын шарты:**<br>Біздің Республикамыз қалай аталады?<br>Отан дегеніміз не?<br>Біз қай тілде сөйлесеміз?<br>Біздің елордамыз қай қала?<br>Біздің еліміз несімен айбатты?<br>Елбасымыз кім?<br>Кім Отан, рәміздер туралы тақпақ айтады?<br><br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта»**<br>**Мақсаты:**сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу)** | үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды.<br>(«Шұбар тауық", «Бауырсақ», «шалқан»)<br>**Ертегіні үш сөзден тауып ал:**<br>1) Қатық, құйрық, сиыр. («Мақтықыз бен мысық»)<br>2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр («Қасқыр мен жеті лақ»)<br>**Егін алқабына саяхат**<br>**Мақсаты:**егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді.<br>Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі<br>бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атапөтеді<br><br>. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | жасай білу.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту,**<br>**сурет мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | - Қоян нешінші тұр?<br>-Күшік нешінші тұр?<br>-Қайсы екінші тұр?<br>Ойыншықтарды ретімен қойып ,оларды санау.<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | **Ойын шарты:**Педагог балаларға жабайы аңдардың бейнесі бейнеленген картиналарды көрсетіп, сөздерді аяқтап, қайталауды ұсынады: «Аю үлкен, ал қоян.......(кішкентай), қасқыр ашулы, ал қоян......(мейірімді), кірпі тікенекті, ал түлкі.......(мамықтай)» т.с.с<br>Сөйлемдегі сөздің санын, ретін анықтап айтады.<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | **тілі)**<br>Сергіту сәтін жасап, көңілімізді көтеріп, диқаншы атаның егістік алқабына барайықшы.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жел улейді у - у - у - у,<br>Құйын келіп билейді зу - зу - зу.<br>Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду.<br><br>**Дидактикалық ойын: « Сипаттамасы бойынша тап»**<br>**Мақсаты:**Заттарды әртүрлі белгілері бойынша ( материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**<br>Сөреге аю, коян, қасқыр, түлкі секілді 5-6 ойыншық қойылған балалар көріп отырады. Олар тәрбиешімен бірге әрбір ойыншықты анықтап қарайды, олардың атын қайталайды.<br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**коммуникативтік дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №3**<br>**Бұлт пен тұманды бақылау**<br>**Мақсаты:** Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы | **Серуен №7**<br>**Бақылау «Қардағы құс іздері»**<br>**Мақсаты:** қардағы құс іздерін тани білуге | **Серуен №11**<br>**Қар ұшқындарын бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>Қар ұшқындарының | **Серуен №12**<br>**Күннің көзін бақылау**<br>**Мақсаты:** Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамытып; жансыз | **Серуен №16**<br>**Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?**<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін кеңейтіп; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басатынын; ақырын қар жауа бастайтынын біліп түсінеді.<br>**Бақылау барысы :**<br>**Жұмбақтар**<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын.<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>(бұлт)<br>Аспан түйді қабағын,<br>Сұр пердесін керді де,<br>Жапты жердің табанын.<br>(тұман)<br>Сұрғылт түтін,<br>Бүркесе маңайды,<br>Адастырар талайды.<br>(Қарлы бұлт)<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина) Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту, құрылыс жасау үшін конструктормен жұмыс жасау.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>**«Ақ серек көк серек»**<br>**Мақсаты:** Балалардың тіл | үйренеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..<br>Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің | әртүрлі формада болатынына назар аударып, салыстыра білуге үйреніп, танымдық белсенділіктері дамиды.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Жауған қар қандай?<br>Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?.<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Алақандағы қар неге ериді?<br>Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Қардан аққала жасау.<br>**Педагог жетекшілігімен** | табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайтып,таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата біледі. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ.**<br>Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі)<br>Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды.<br>Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады.<br>**Тәжірибелер және эксперименттер**<br>«Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды» | Балаларды ағашты күтуге үйреніп,қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсініп, балалар табиғатты сүюге үйренеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару.<br>Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Қай ағаш жасырынды, соны тап. Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байлығын жетілдіріп, достық қарым-қатынастарын дамытады.<br>**Ойын шарты:** Ойын ашық аланда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Жаңылтпаш:<br>Қыс қатты-ақ,<br>Қыспаққа-ап.<br>Құс тоңып жүр,<br>Қыстап қап. | суретін салу.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Жүгір де, ұста!»**<br>**Мақсаты:** балалар ептілік танытады,лақтырған допты ұстап алады.<br>**Ойын шарты:** Тәрбиеші қолына үлкен әрі әдемі допты алып, баланың алдында 1,5 арақашықтықта тұру қажет.Допты жоғары лақтырып қағып алады да,тәрбиеші бірнеше қадам артқа жүреді де былай дейді: «бір лақтырдым,екі лақтырдым,үш лақтырдым – жүгір де қағып ал!».Бала жүгіріп келіп допты ұстап алуға тырысады,бірақ тәрбиеші допты өзі қағып алады да былай дейді: «ұстай алмадың-кері қарай жүгір!».Бала өз орнына қайтып келеді.Ойын 2-3 рет қайталанады да, тәрбиеші балаға допты қағып алуына мүмкіндік береді. Бала шеңбер бойымен допты басынан | **ойын: «Қарлы әткеншек»**<br>**Мақсаты:** балаларды әрбір ортаға бейімделуге жаттықтыру.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар аққаланың жанында қолдарынан ұстап шеңбер болып тұрады.Тәрбиешінің белгісімен балалар жай, одан кейін қаттырақ, ақырында жүгіреді.Балалар бірнеше рет айналғаннан кейін тәрбиеші айтады: «Жел өзгерді,қарлар басқа бағытқа ұша бастады.» Балалар тоқтап кері қарай жай жүреді және қаттырақ, ақырында жүгіреді.Бірнеше рет айналған соң тәрбиеші: «Жел басылды, қарлар жерге жаймен жауып жатыр.»Қарлы әткеншектің қимылдары жайлап балалар тоқтап | Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Жер, су, ауа»**<br>**Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын шарты:** балалар екі жаққа тең бөлініп тұрады. Бастаушы ортаға шығады. ол ойынға қатысушылардың кез-келгеніне допты лақтырып жібереді де, «жер», «су», «ауа» деген үш сөздің біреуін айтады. Егер бастаушы «жер» десе,допты қағып алған бала жерде өсетін өсімдіктің немесе жер бетінде тіршілік ететін тіршілік иесін тез айтуы керек. Ал «су» сөзі айтылса, суда мекендейтін тіршілік иелерінің аты айтылады. «ауа» дегенде ауада жүретін көлік түрлерін немесе құстың атауын | эстетикалық танымын байыту.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>**«Не жүреді және ұшады?»**<br>**Мақсаты:** қимыл үйлесімділігі, зейін және есту анализаторлары, қол мен аяқ-қимылдары дамиды.<br>Ресурс: Әртүрлі жануарлар, құстар,жәндіктерді суреттері бейнеленген карточкалар.<br>**Ойын шарты:**<br>Жүргізуші әртүрлі суреттерді көрсетіп, ненің қалай жүретінін талқылайды. Кейін ойынды бастайды. Карточканы көрсетіп сұрайды: «Ол қалай қозғалады?» Бала қимылдарымен жауап береді:жорғалайды, секіреді және басқа да тәсілдермен кілем үстінде қимыл жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дербес әрекет:**<br>Ойынға керекті құралдармен жабдықтап үйрету; ойын барысында табиғи заттарды қолдануды үйрету(су, құм т.б.). | асыра ұстап жүреді.<br>Ресурс : доп.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Ақша қар, ақша қар,<br>Аппақ болып қонасың.<br>Тоса қалсам қолымды<br>Алақаныма толасың.<br>**Дербесәрекет:**<br>Жаттығу ойындары:<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру...<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. | қолдарын жібереді.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>«Суретші қыс» К. Нүсіпов<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары «Байқап өт»<br>Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету. | айтылуы керек. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дыбыс арқылы санды тап»**<br>**Мақсаты:**Дыбысты естіп санауға үйрету.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші түрлі дыбыстар шығарады. Мысалы: үстел қағады, қасықты соғады, шапалақтау т.б.Бала сол дыбыстарды санап, қанша дыбыс естігенін айтады.<br>**Дербес әрекет:**<br>Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру.<br>Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. | **Жеке баламен жұмыс**<br>Қар жамылды бар алқап,<br>Жүрмедік біз құр қарап.<br>Бір топ бала бірлесіп,<br>Жасап алдық сырғанақ.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде карым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br>**(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу** | Сурет салу, мүсіндеу жұмыстарын жүргізу.<br>**(шығармашылық** | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Жануарларды орналастыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. | **Үстел-үсті ойындары:**<br>Пазл құрастыру, суретті жалғастыр.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу** | Құрастырмалы ойыншықтармен құрастыру.Өз мекендеріне орналастыр.(жапсыру)<br>**(шығармашылық** | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Моншақ тізейік»**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар екі топқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды.<br>- Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актиінді орналастыр.<br>- Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр.<br>- Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр.<br>- Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр.<br>- Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме?<br>- Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер.<br>- Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер.<br>Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік | **іс-әрекетін дамыту)** | **дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | бөлініп, жұмыс жасайды. Бірінші топ моншақтарды түстеріне сай жалғастырып суретін салады. Екінші топ ос моншақты мүсіндейді.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Заттар арасымен төртағандап еңбектеуді үйрету.<br>**(физикалық дамыту)** | Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтып беруді жетілдіру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды жалғастыру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Сөздерге дыбыстық талдау жасауды қалыптастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың күнделікті жетістіктері туралы айту.<br>Отбасында баланың тәрбиесі жөнінде ата-аналармен сұрақ-жауаптар,кеңестер беру. | | | | |

Бекітемін: Мырзағалиева С

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 16.01—20.01.2023ж

**Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы III апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 16.01.2023** | **Сейсенбі 17.01.2023** | **Сәрсенбі 18.01.2023** | **Бейсенбі 19.01.2023** | **Жұма 20.01.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Қайырлы күн! Жаңа жылым құтты болсын!<br>Балалардың қызуын өлшеп, тазалығын тексеріп,арнайы журналға тіркеу. Демалыс күндері қалай өткізгендері туралы әңгімелесу. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйін бақылау | Балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгеріп әкелулерін айту. | Балаларға ертегі айты беруді, балаңыздың қандай ертегі білетіндерін сұрауға кеңес беру. | Балаларды мектепке уақытылы әкелуді ескерту. | Ата –аналарға балаларына өз –өзіне қызмет етуді үйрету жөнінде кеңес беру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел ойындары:**<br>«Түрлі-түсті пирамидалар»<br>Мақсаты: балаларды құрастыруға үйрету.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | **Логикалық ойындар:**<br>Пазл, мозайка, танымдық құрастырмалар т.б<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту** | **Дидактикалық ойын: «Моншақ тізейік»**<br>**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлініп, жұмыс жасайды. Бірінші топ моншақтарды түстеріне сай жалғастырып суретін салады. Екінші топ ос моншақты мүсіндейді.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту** | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Түстерін ажырат»<br>Саусақ моторикасын дамыту,<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қаңтар айы (III-IV апта)**<br>1. Жұптасып тізбекте жүру, жүгіру.<br>2. Звеноға бөлініп тұру.<br>3. Б.Қ. Аяқ ұшын ашып, өкшені қосып тұру. Қолды жанынан жоғары оң қолға кішкентай допты ұстап тұру. Қолды жанынан жоғары көтеру, оң қолдан сол қолға допты алмастыру. Қолды жанынан төмен түсіру. 6-8 рет қайталау<br>4.Б.қ. аяқ арасын алшақ ашып тұру, доп оң қолда. Оң аяқты тізеден бүгіп | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтеру, аяқ астынан допты оң қолдан сол қолға алмастыру. Б.қ. келу, сол жақта орындау. 6 рет қайталау.<br>5.Б.Қ. аяқты алшақ ашып тұру, доп оң қолда, қолды алға созып отыру, бір қолдан екінші қолға алмастыру. 5-6 рет қайталау.<br>6. Б.Қ. тізерлеп өкшеге отыру, доп оң қолда. Допты жермен өзінен ары қарай домалату. Б.қ. 6-8 рет қайталау.<br>7.Б.Қ. аяқты қосып созып жіберіп отыру. Доп аяқ арасында қысылып ұсталған, қолды артқа тіреп ұстау, түзу аяқта допты түсіріп алмай жоғары көтеру,б.қ. келу, 6-8 рет қайталау.<br>8.Аяқты қосып, допты қос қолмен төмен ұстап тұру, жоғары лақтырып қағып алу.6-8 рет қайталау.<br>9.Б.Қ. доп оң қолда. Аяқты қосып тұру. Оң және сол аяқпен секіру оңға солға тәрбиешінің санауымен бұрылып секіру.<br>10.Жүру. Майда қадамдап жүру. Бір айдың 1-2 аптасында демалыс берілетіндігін гимнастика комплексінің біреуі ғана жоспарланады.<br>**(Физикалық дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Дидактикалық ойын: «Шарды үрле»**<br>**Мақсаты:**Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға шар таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту**<br><br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Шаттық шеңбер.**<br>Қуанышы баланың,<br>Қуанышы ананың.<br>Бізді өсірген апатай,<br><br>Еңбегің де зор екен.<br>Құтты болсын «апатай»,<br>Құтты болсын мерекең!<br><br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Ақшақарлар ұшады»**<br>**Мақсаты:** Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған ақшақарларды таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда ақшақарларды үрлеп ұшырады.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды топта»**<br>Ортаға ойыншықтар қойылады. Балаларға аттарын ататып, неден жасалғанын айтып, топтастыру керек екендігі түсіндіріледі.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Шаттық шеңбер:**<br>Күн жылуын аямасын,<br><br>Шуағын аяласын.<br><br>«Достық» деген бәйтеректі<br><br>Барлық бала саяласын.<br><br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта»**<br>**Мақсаты:**Сөйлемді ауызша талдау.**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу)**<br>**Ойын шарты:**<br>Бастаушы бір сөз айтады,балалар жалғасын тез ойлап табуы керек.<br>Мысалы: Далада .............(қар жауып тұр)<br>Балалар.............(шанамен ойнап жүр)<br>Адамдар ...........(жылы киінген).......<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**«Ертегілер елінде»**<br>**Мақсаты:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>Ертеде аспанда ағайынды | **Дидактикалық ойын:** «Сендердің тілектерің – біздің тілегіміз»<br>**Мақсаты:**сөйлеу әдебін сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:**Тәрбиеші өзінің тілегін айтады,балалардан өз тілектерін айтуларын сұрайды.<br>Бізге қасықпен жеуді кім үйретті, кез келген ілмекпен күресіңіз.<br>Өлеңдер мен ертегілерді кім оқиды, ермексаз бояулар берген Алғашқы тәрбиеші апайларымызға рахмет.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Неден жасалған?»**<br>**Мақсаты:**Заттардың қандай материалдардан жасалғанын олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**(әлеуметтік-** | **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша)<br><br>**Дидактикалық ойын: «Қарлы сөздер»**<br>**Мақсаты:** жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:**<br>Бастаушы сөйлемді өзі бастап береді:<br>-Қар қандай?<br>(суық,ақ,жеңіл.....)<br><br>-Қар неге ұқсайды?<br>(мақта,қант,балмұздақ.....)<br><br>-Қарлы сөздерді ата?<br>(аққала, жел, қырау, боран........) | **Дидактикалық ойын: «Әңгіме құрастыру»**<br>**Мақсаты:** бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру;<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:** Суреттерді таңдап алып, соған байланысты сөйлем құрап, сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастырады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Берілген дыбыспен сөздерді ата»**<br>**Мақсаты**берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері)**<br>**Ойын барысы:**тәрбиеші кез келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:**А – болса: | **(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша)<br><br>**Дидактикалық ойын: «Доп лақтыр»**<br>**Мақсаты:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»);**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)Ойын шарты:**<br>Балаларға допты лақтырып, қағып алып сұрақ қою. Берілген сұрақтарға балалар жауап береді.<br>- Сен балабақшаға қай уақытта келдің ?<br>(таңертең)- Қашан серуенге шықтың ?<br>(күндіз)<br>- Балабақшадан қай уақытта үйге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үш бала өмір сүріпті. Үлкені –күн, ортаншысы –ай, кішісі –әтеш. Ай мен Әтеш келісей қалып, Ай Әтештің айдарынан ұста лақтырып жібереді. Оны көрген Күн, Айға ренжіп, енді сені көрмеймін дейді.Әтеш менің туған інім болады дейді. Таңертен күн шыққанда Әтеш «Кукареку» деп айғай салатын болыпты.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ғажайып дорба»**<br>**Мақсаты:**Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**Педагог дорбаның ішіне әртүрлі ойыншықтарды (тегіс, бұжыр, жұмсақ, қатты) салады. Балалар дорбаға қолдарын салып, кез- | **эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалардың алдарына суреттерді ұсына отырып, таңдап алады. Сол алған суреттері бойынша балалар өз ойларын айтады.<br>Мысалы:<br>Кастрол… темірден , төгіледі,<br>Қасық… ағаштан , құйылады.<br>Тегеш… пластмастан, шытынайды,<br>Стакан… шыныдан, сынады,<br><br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық)таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. | Сөйлемдегі сөздерді санын ретін анықтайды.<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**«Туған жерге саяхат»**<br>**Мақсаты:** туған өлкенің көрнекі жерлері туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)** Өз еліміздегі әдемі жерлердің фотоларын көрсетіп, балаларға түсіндіріп айтып, сұрақ қою арқылы туған жерлері туралы не білетіндерін айтып береді.Мысалы: саябаққа барып ойнайтындары, музейді аралағандары туралы әңгімелейді.<br><br>**Дидактикалық ойын:** | **Балалар:** Ай, алма,алмұрт, асқабақ, т.б.<br><br>**Видеоролик көру.**<br>**Мақсаты:** жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтап, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамауды үйрету. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Теледидардан видеоролик көрсетіп, сұрақ-жауап арқылы талдау.Суреттер арқылы қауіпсіздік ережелерін жапсыру арқылы қорытындылау.<br><br>**(физикалық дамыту,дене** | қайттың ? (кешке)<br>- Бүгін не істедің ?<br>- Кеше не істедің ?<br>- Қашан ойнайсың ?<br>- Ертең қайда барасың ?<br>«Ертегіні тамашалау»<br><br>**Мақсаты:**Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, көркем әдебиет)**<br>Теледидардан жеті лақ ертегісін көрсетіп, балалардан ертегіде кімдердің ойнағаны ұнайды деп сұрақ қою арқылы, сөйлету.Жеті лақ ертегісін сомдау, атрибут арқылы.<br><br>**«Тыңда да айт»**<br>**Мақсаты:**Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>.**(коммуникативтік** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келген ойыншықты (заттарды) қасына алады, бірақ ойыншыққа қарамауы керек. Оның қандай ойыншық екенін атайды, егер атын таба алмаса қасиеттерін сипаттайды.ойыншықтардың материалы, қолданылуы туралы айтып береді. Мысалы: қатты немесе жұмсақ, тегіс немесе бұжыр, үлкен немесе кішкентай және олардың аттарын және түстерін ажыратып айтады.<br><br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту, сурет мүсіндеу, жапсыру, құрастыр)**<br><br>**(физикалық дамыту,дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | **«Ретімен қой»**<br>**Мақсаты:** Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:**<br>Бастаушы ойыншықтарды ретімен қойып , балаларға сұрақ қою.<br>- Қоян нешінші тұр?<br>-Күшік нешінші тұр?<br>-Қайсы екінші тұр?<br>Ойыншықтарды ретімен қойып ,оларды санау.Барлығы қанша ойыншық болды?<br>Ойын осылай жалғаса береді. | **шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | **дағдыларды дамыту, қазақ тілі)**<br>Шарты: Жеке және топпен ойнауға болады. Ең алдымен балалар үстелдегі заттарды қарап алады, сосын тәрбиеші заттардың дыбысын шығарады, балалар дыбысты танып толық жауап береді.<br>Мысалы: бұл қоңыраудың сыңғыры т.с.с |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №10**<br>**Балабақша ауласын бақылау** | **Серуен №14**<br>**Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін** | **Серуен №17**<br>**Жердегі мұзды бақылау** | **Серуен №19**<br>**Терең қар жамылғысының** | **Серуен №20**<br>**Баяу бұрқасынды бақылау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Ауладағы тазалық пен тәртіпті сақтауға дағдыланады. Құрғақ құмнан,ылғалды құмның пайдасы бар екендігін ұғынып,одан әртүрлі заттар жасауға болатындығын үйренеді.<br>**Бақылау барысы:** аулада қандай өзгерістер бар ,ағаштарды санау<br>**Табиғаттағы еңбек :** аула сыпырушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын: «Тым-тырақай»**<br>**Мақсаты:** шапшаңдыққа, ептілікке дағдыланады.<br>**Ойын шарты:** Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен:<br>Ал, кәнеки балалар,<br>Бір, екі, үш-деп санаңдар<br>Бір, екі, үш—<br>Ал тараңдар-деп<br>Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп | **байқау**<br>Жылымық кезінде қар жабысқақ болады, қардан ойыншық аққала істеуге болатынына балалардың көңілін аудару керек, ал аязды күндері қар үгітіліп , құрғап тұрғанда ештеңе істеуге болмайды.<br>Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгеретінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру.<br>**Тәжірибе.** Қардың қасиеттері.<br>Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарды сумен суарсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ,<br>Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру. | **Мақсаты:** Балаларға мұз , мұздың ерекшеліктері туралы түсінік алып, мұздың өзіне тән ерекшеліктерін атап, ажыратуға өз ойын толық жеткізе білуге үйренеді. Мұздың пайдасы мен зияны туралы түсініктері кеңейіп, білімдері артады.<br>**Бақылау барысы:**<br>Балалар, ал сендер білесіңдер ме, мұз неден пайда болады?<br>Балалар мұз демек судан пайда болады.<br>Мұздың түсі қандай? (Түссіз)<br>Мұз қай жерлереде кездеседі? (өзедерде, көлдерде)<br>Мұзды жаз мезгілінде қайдан көруге болады? (тоңазытқыштан) Мұз қандай қатты ма, жұмсақ па? Мұздың үстінен қалай жүру керек?<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Ауладағы қоқыстарды жинау.<br>**Қимылды ойын:** | **тереңдігін бақылау.**<br>**Бақылау барысы:**<br>Балалардың көңілін балабақша ауласында қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу.Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну.Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру.Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу.<br>**Жұмбақ.**<br>Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал,<br>Малының қисабы жоқ безбенге сал.<br>Сүйегі көктеде емес жерде де емес<br>Жігіттер көңіл қойып ойлаңыздар. (жауған қар).<br>**Тәжірибелер және эксперименттер** | **Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ**<br>Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып,<br>Жерді барып құшады. (Қар)<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ желеді,<br>Аузы жоқ ұлиды.<br>Боран<br>Жансыз табиғаттағы қыстың белгілерімен танысу(қазылған жер).Қыстың суық күнінде жолда қар борасыны болады, ауаға қатты жел көтеріліп, жолды ақ борасын басады. Айдама қарды қырманнан ойшыққа, бос жерлерге апарады. Балалардың сөздік қорларын молайту.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Таушыққа су құю<br>Су құрамы туралы білімін бекіту( аязды күндері ол қатып қалады). Тәрбиешіге көмектесуге тәрбиелеу; өз еңбегіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Терезеге қарашы<br>Табиғат тұр жарасып<br>Таза аулаға құлайды<br>Көлеңкелер адасып<br>**Дербес әрекет:** Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. | **Қимылды ойын: «Қарағайлы ормандағы аю»**<br>**Мақсаты:**<br>Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиеленеді.<br>**Ойын шарты:** Алаңның бір жағына аюдың іңі сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! – дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Олар хормен мына өлеңді айтады.<br>Аю жүрген орманнан<br>Жидек тере мен барғам<br>Аю отыр гүрілдеп,<br>Жарамайды мұның,-деп<br>« Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады. Аю кімге жетсе, сол ұсталған болады. Үйдің сыртынан асып кеткен балаларды ұстауға болмайды.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Ыс-ыс-ыс | **«Жүгір де, ұста!»**<br>**Мақсаты:** балалар ептілік танытады, лақтырған допты ұстап алады.<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші қолына үлкен әрі әдемі допты алып, баланың алдында 1,5 арақашықтықта тұру қажет.Допты жоғары лақтырып қағып алады да,тәрбиеші бірнеше қадам артқа жүреді де былай дейді: «бір лақтырдым,екі лақтырдым,үш лақтырдым – жүгір де қағып ал!».Бала жүгіріп келіп допты ұстап алуға тырысады,бірақ тәрбиеші допты өзі қағып алады да былай дейді: «ұстай алмадың-кері қарай жүгір!».Бала өз орнына қайтып келеді.Ойын 2-3 рет қайталанады да, тәрбиеші балаға допты қағып алуына мүмкіндік береді. Бала шеңбер бойымен допты басынан асыра ұстап | Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну. Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Гүлзарда қар тоқтатуды орнату<br>Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру.<br>**Қимылды ойын: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** балаларды бір-біріне соғылмай жүгіріп, белгі бойынша қозғалып, кеңістікті дұрыс бағдарлауы дамиды.<br>**Ойын шарты:** Балалар алаңның әр жерінде | жауапкершілікпен қарау.<br>**Қимылды ойын: «Аңшылар мен қояндар»**<br>**Мақсаты:** Балалар қоян болып секіріп, аңшыдан қорғануға үйренеді.<br>**Ойын шарты:**<br>Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**Жеке баламен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Келіп қалды қыс<br>Ша-ша-ша<br>Жап-жасыл шырша<br>Ар-ар-ар<br>Аппақ екен қар<br>Ла-ла-ла<br>Жасап алдық аққала.<br>**Дербес әрекет:** Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. | жүреді.<br>Ресурс : доп<br>**Жеке баламен жұмыс:** қыс айларын жаттатқызу.<br>**Дербес әрекет:** Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз. | 3-4 жалаушалармен белгіленген калоннамен тұрады. Ойнаушылар ұшқыштарды бейнелейді. Олар ұшуға әзірленеді. Тәрбиешінің: Ұшуға әзірленіңдер! Деген сигналы бойынша балалар қолдарымен қимыл жасап, маторды іске қосқан болады. Тәрбиеші: « Ұшыңдар» -дейді. Балалар қолдарын екі жаққа жазып, алаңда жан-жаққа бытырап, ұшып жүреді. Тәрбиешінің: « отырыңдар» деген сигналы бойынша ұшақтар өз орындарын тауып, жерге қонады: балалар калоннаға тұрып, бір тізерлеп отырады. Тәрбиеші қай калоннаның тез сапқа тұрғанын атап өтеді. Алғашқы кезде калоннаның бастаушысы етіп екпіндірек балаларды белгілеу керек. | **жұмыс:**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Елемейді ешкімде,<br>Суық пенен боранды.<br>Күні бойы тынбайды,<br>Суығына тоңбайды.<br>**Дербес әрекет:** Ойын түрін анықтау арқылы өз бетімен жұмыс істеу қабілетін анықтау.Ойын әркеттерін қалыптастыру және дамыту белсенділіктеріне тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Жеке баламен жұмыс:**<br>Қыс келгенде далама,<br>Қызығып тек тұрмаймын.<br>Ат жегіп-ап шанама,<br>Аппақ қармен зырлаймын.<br>**Дербес әрекет:**<br>Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын барысына сәйкес әрекет ету. | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:** Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар жыл мезгілдеріне сәйкес түстерді шеңберге тізбектеп, ретімен жүйелі құрастырады. Оған қатысты | **Дидактикалық ойын: «Жануарларды орналастыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету.<br>5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды.<br>- Оң жақтағы жоғарғы үйшікке актиінді орналастыр.<br>- Сол жақтағы төменгі | **Үстел-үсті ойындары:**<br>Пазл құрастыру, суретті жалғастыр.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Үйдің құрылысы»**<br>**Мақсаты:** Балаларды үй құрылысымен таныстыру, пішіндерді ажырата білуге үйрету<br>**Ойынның барысы:**<br>Тәрбиеші балаларға үйдің суреттерін көрсете отырып, үйдің неше бөліктен тұратынын, оның қандай пішіндерге ұқсайтынын сұрайды. | **Дидактикалық ойын: «Моншақ тізейік»**<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар екі топқа бөлініп, жұмыс жасайды. Бірінші топ моншақтарды түстеріне сай жалғастырып суретін салады. Екінші топ ос моншақты мүсіндейді.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суреттерді қажетті орнына орналастыруы тиіс.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту** | үйшікке мысықты орналастыр.<br>- Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр.<br>- Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр.<br>- Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме?<br>- Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер.<br>- Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер. | | Пішіндерден үйді құрастырады.<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға мектепке баланы кешіктірмей әкелуін ескерту.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Әңгімелесу: «Ата-ананың баланы мектепке апару және мектептен алу кезіндегі әрекеттері»<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата-аналарға мектептің ішкі тәртібі туралы Пікірлесу.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Балалардың күнделікті жетістіктері туралы айту.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Отбасында баланың тәрбиесі жөнінде ата-аналармен сұрақ-жауаптар,кеңестер беру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |